

**Партизанка ауылының ЖОББМ КММ-нің жанындағы
«Айналайын» шағын орталығының
2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары
Түсініктеме хат**

Жұмыс оқу жоспары жас кезеңдері бойынша ең жоғары оқу жүктемесін белгілейді және «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы ... қыркүйектегі № ... бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жасалды .

Тәрбие-білім беру процесі балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеу қабілеттерін дамытуға, дене бітімін дамытуға, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған және білім және ғылым министрінің м. а. бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін балалар қызметінің әртүрлі түрлері арқылы ойын түрінде ұйымдастырылған қызметті интеграциялау арқылы жүзеге асырылады 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 қаулысымен бекітілген.

«Айналайын» шағын орталығы 2022-2023 оқу жылының өз алдына төмендегідей балаларға қатысты мақсаттарды қойған:

- ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, ауызекі еркін сөйлей білетін, патриот тұлғаны тәрбиелеу;
 - әлеуметтік ортадағы жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу
 - өз денсаулығына саналы қарайтын, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсінетін дені сау тұлғаны тәрбиелеу.
- Балабақшада 2 топ бар, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Апталық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті және оның ұзақтығы:

- ортаңғы тобында (4-5 жастағылар) –іс-әрекетін ұзақтығы 20 -25 минут;
- 1 кіші тобында (2-3 жастағылар) - іс-әрекетін ұзақтығы 10-15 минут;

Оқу жұмыс жоспары балалардың жас ерекшелік негіздері есепке алынып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері жүргізіледі.

Әрбір жас кезеңіндегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейі қатан сақталуда.

Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылында «Айналайын» балабақшасы» МҚКК өз алдына «Айналайын» балабақшасы МҚКК білім беру процесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттың талаптарына сәйкес

құрылған жұмыс жоспары төмендегі нормативтік құжаттарға негізделіп құрастырылды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 17 тамыз № 254-256 «Білім туралы» Заңы
- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында типтік ережесі 2016 ж 22 маусым №391
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ҚҰМЖМБС 20 желтоқсан 2012 ж №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ҚҰМЖМБС 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы
- «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» 2015 ж 17 наурыз шыққан №217 санитарлық талаптар.